

## Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 13 мамырдағы N 433. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.04.26. N 475 қаулысымен. ~P990475

"Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3926 U983926\_ Жарлығының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің құрылымы;

Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің карауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Мыналар:

Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің штат кестесі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі орталық аппаратының тиісті адам санын қысқарту есебінен 22 адам болып;

қызметтік жеңіл автомобиль лимиті 2 болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасының бір орынбасары болуына рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасы шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте мемлекеттік органдарды ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ағымдағы жылға

арналған республикалық бюджеттің мемлекеттік органдарды ұстауға арналған шығыстарында қажетті өзгерістер енгізілсін.

6. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі

агенттігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шыққан актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 13 мамырдағы  
N 433 Қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті  
қолдау жөніндегі агенттігі туралы  
ЕРЕЖЕ

Миссиясы: шағын бизнесті мемлекеттік қолдауды күшейту, кәсіпкерлік қызмет еркіндігінің кепілдігін нығайту.

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) - Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органы, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттіктің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстау үшін көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Агенттіктің құрылымы мен штат санын Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Агенттік заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, өз атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

## II. Агенттіктің басымдықтары

6. Агенттіктің басымдықтары мыналар болып табылады:  
шағын кәсіпкерліктің елдің экономикалық өсуіндегі маңызы мен рөлін күшейту;

шағын бизнес саласында қалың жұртшылықты тарту;  
шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметінің еркіндігіне кепілдіктерді күшейту.

## III. Агенттіктің негізгі міндеттері

7. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде, оның ішінде оған қаржылық, техникалық көмек және өзге де көмек түрлерін көрсету мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу және шаралар қабылдау;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі іс-қимылын үйлестіру;

шағын кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасындағы және аймақтардағы даму теңдесулерінің талдау, шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау;

шағын кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заңдардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

несие, инвестициялық және сауда саясатын, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жекешелендіру саясатын қалыптастыруға қатысу.

## IV. Агенттіктің функциялары

8. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:  
шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының орындалуын ұйымдастырады және үйлестіреді;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік

құқықтық актілерді әзірлейді және Үкіметке ұсынады;

мүдделі орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілерін әртүрлі мемлекеттік тапсырыстар мен бағдарламалардың орындалуына тартудың тәртібін белгілеуге қатысады;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдалануының жеңілдікті шарттарын жасау туралы ұсыныстар әзірлейді;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бюджеттен тыс қорлардың, заемдық және басқа да қаражаттың есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық және инновациялық қызметтерін реттеу жөнінде ұсыныс әзірлейді;

шағын кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді;

республиканың аймақтарында шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымдарын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді;

шағын кәсіпкерлік субъектілері қоғамдық ұйымдарының (одақтардың, ассоциациялардың, конгрестердің) қызметін ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді;

шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруда жергілікті атқарушы органдарға жәрдем көрсетеді;

орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне байланысты проблемаларды шешудегі өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

шағын кәсіпкерліктің жай-күйі мен оны мемлекеттік қолдаудың тиімділігіне талдау жасайды;

шағын кәсіпкерлікті дамыту тенденцияларын анықтау және шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламаларының тиімділігін айқындау үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін анкеталауды ұйымдастырады, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қажетті сұраныстарын анықтайды;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөніндегі заңдарды сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесіндегі кемшіліктерді жою жөнінде қабылданған шаралар; шағын кәсіпкерлік субъектілері құқықтарының бұзылуы; Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөніндегі актілерін іске асыру барысы туралы хабарлайды, сондай-ақ олардың дұрыс орындалмауына кінәлі лауазымды тұлғаларды республиканың заңдарында

көзделген жауаптылыққа тарту туралы ұсыныс енгізеді;

мемлекеттік органдардың қарауы үшін анықталған тәртіп бұзушылықтарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы актілерінің орындалмауына немесе дұрыс орындалмауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс енгізеді;

мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және азаматтардың өтініштерін қарайды, шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері бойынша қорытынды ұсынады;

Үкіметке және тиісті мемлекеттік органдарға шағын кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ету мақсатында салық салу жүйесін жетілдіру, қаржы және несие саясатын өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жекешелендіру саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

шағын кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға бағытталған қаржы қаражаттарының пайдаланылуы тиімділігіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

шағын кәсіпкерлікті дамытудың аймақтық бағдарламаларын зерделеуді және талдауды жүзеге асырады;

шағын кәсіпкерлікті, оның сыртқы экономикалық қызметін қаржылық, техникалық және инвестициялық қолдауды үйлестіруді жүзеге асырады, шағын кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуші шетелдік әріптестерімен ғылыми-техникалық және өндірістік-коммерциялық байланыстар орнатуға ықпал етеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

## V. Агенттіктің құқықтары

9. Агенттіктің өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыруы және міндеттерді орындауы кезінде:

заңдарда белгіленген тәртіппен және Агенттік белгілейтін мерзімдерде мемлекеттік органдар мен ұйымдардан шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

мемлекеттік органдар өткізетін, Агенттіктің құзыретіне қатысты мәжілістерге, жиналыстарға және кеңестерге қатысуға;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды тексеруді жүзеге асыруға, шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мәселелер бойынша көрсетілген органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғаларын тындауға;

тексеру жүргізу кезінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларынан, өзге де лауазымды тұлғаларынан ауызша және жазбаша түсіндірме, құжаттар, анықтамалар және өзге де материалдар алуға;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне шағын кәсіпкерлікті қорғау және мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша анықталған заңдарды бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарлауға;

тиісті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың лауазымды тұлғаларының алдына олар қабылдаған шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін актілерді тоқтату, өзгерту немесе олардың қолданылуын тоқтата тұру туралы мәселе қоюға;

шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық

актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қарауына енгізуге;

заңдарда белгіленген тәртіппен сарапшыларды тартуға, коммерциялық емес ұйымдармен, уақытша шығармашылық ұжымдармен шағын кәсіпкерліктің проблемалары бойынша тауарлық шолулар мен болжамдар дайындау жөнінде шарттар жасасуға құқығы бар.

## VI. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

10. Агенттікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын Төраға басқарады.

Агенттіктің төрағасы өз құзыретінің шегінде:

бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Агенттік қызметкерлерінің тапсырылған учаскедегі қызметті жүзеге асыру үшін жауапкершілігінің дәрежесін белгілейді;

азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарайды;

қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынаста Агенттікті ресми білдіреді;

заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11. Белгіленген санының және қызметкерлерге еңбекақы төлеу қорының шегінде Агенттіктің штат кестесін, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені Агенттіктің төрағасы бекітеді.

12. Агенттік шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өзінің қызметін

үйлестіру мақсатында өз жұмысына штаттан тыс кеңесшілерді тартады.

13. Агенттік кәсіпкерлік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ынтымақтастықтың заңдарға қайшы келмейтін өзге де нысандарын пайдалана алады.

14. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## VII. Жауаптылығы

15. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді іске асыруы және өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін факторларды уақтылы анықтауға, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заңдардың сақталуына тиісті бақылауды жүзеге асыруға жауапты.

16. Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін Агенттіктің төрағасы жеке жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 12 мамырдағы  
N 433 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті  
қолдау жөніндегі агенттігінің  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық  
Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік саясаты  
басқармасы

Шағын бизнес субъектілерінің кәсіпкерлік қызметі еркіндігін  
қамтамасыз ету басқармасы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 13 мамырдағы  
N 433 Қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау  
жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК